

**Тақырыбы:**

**Л.Н.Гумилевтің “Көне  
түріктер” еңбегі мен  
“Еуразияшылдық  
идеясы”**

# Еуразияшылдық – ХХІ ғасырдың басты идеяларының бірі

(“Нұр Астана” газеті 6 қаңтар, 2006 жыл; Ғазиз Құрмашұлы мақаласынан, 1 бет)



# Күлтегін кешеніндегі барық еденіне төселген төртбұрыш тастар

(М.Жолдасбеков, Қ.Сартқожаұлы “Орхон ескерткішінің атласы”, 179 бет)







Махмұд Қашғари түрік жұрты, түрік ұлысы жөнінде былай сөз қалдырыпты:

«Мен тәңірінің дәулет ұясын түіктер жұлдызына жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырып қойғанын көрдім.

Тәңірі оларды «түрік» деп атады. Әрі оларды мемлекетке еге қылды. Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолады; олармен бірге күрескендерді әзіз қылды әрі түріктер ішінен соларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан қорғады» (сурет <https://kk.wikipedia.org/wiki/> сайтынан алынды. Мәліметтер М. Қашқаридің “Түрік сөздігі” деген кітабынан, 3 бет)

«...VIII-IX ғасырға дейін түрік жазуы кеңінен қолданылған. Ислам дінінің таралуына байланысты түрік жазуының аясы тарылды. Түрік жазуымен қатар ел ішінде соғды жазуы да кең қолданылған. Жазу өнерінің дамуына байланысты VIII ғасырда түріктердің жазба әдебиеті дүниеге келді. Түркі жазба әдебиетінің көне ескерткіштері – «Күлтегін» және «Тоныкөк» жазбалары. Бұлар – нағыз тарихи дастандар. VIII-IX ғасырларға жататын әдеби шығармалар – «Қорқыт ата» кітабы мен «Оғызнама» дастаны. Қазақстанның оңтүстігінде, Жетісу аймағында басқа діни әдет-ғұрыптар болды. Олардың ішінде мұсылман діні VIII ғасырда етек жая бастады. Оның басты орталығы болған қалалар: Сайрам (Испиджаб), Тараз, Отырар, Ұясы. Мұсылман дінін Қарлұқ қағаны Сатұқ Боғра мемлекеттік дін есебінде қабылдаған...»

(“Қазақ тарихы” журналы, №3,(126)сәуір-мамыр, 2014 жыл, Перуза Сержан сұқбатынан)

# Күлтегін кешеніндегі кірпіштер, құбыр қыштар

(М.Жолдасбеков,Қ.Сартқожаұлы “Орхон ескерткішінің атласы”, 181-бет)







# Күлтегін кешенінің жабынқыштары

(М.Жолдасбеков,Қ.Сартқожаұлы “Орхон ескерткішінің атласы”,181-бет)





**Күлтегіннің бас мүсіні**

**Күлтегіннің бас мүсінін төрт жағынан түсірген фото**  
(М.Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы “Орхон ескерткішінің атласы”, 153-бет)



Ежелгі хундардың қалыптасуы. Бізге ху көшпелілері мен Шан-Инь мемлекеті арасындағы соғыстар туралы ештеңе де мәлім емес. Алайда археологиялық материал сол дәуірде Қытай мен далалықтардың өзара тығыз байланыста болғанын мегзейді. Олардың арасында ірі қақтығыстардың болмауы да ғажап емес, өйткені, бірінші жағынан «тағылар» әлі де нашар ұйымдасқан еді, екінші жағынан, бұлардың да, аналардың да ортақ жауы бартұғын, ол – Чжоу кінәздігінің өскелең күш-құдыреті болатын.

(Гумилев “Хундар” кітабы, 44-45-беттер)

Барша түрік әулетіндегі халықтардың қатарында қазақ елінің де мәдениетіне, тіліне, өнеріне тікелей қатысты ұлы ескерткіштердің ішінде осы «Түрік тілдері жинағының» үш томдығы да ерекше шоқтықты биігінде басғаланады. Жүсіп Баласағұнның атақты «Құтадғу білік» дастаны хижра бойынша 462-жылы жазылса, Махмұт Қашқарлы бұл үш жинаққа топтастырылған, сегіз кітаптан тұратын тілтану жайлы еңбегін хижра бойынша 464 жылы бастап 466 жылы аяқтап шыққан. (Махмұт Қашқари “Түрік сөздігі”,3-бет)



“Л.Н.Гумилевтің идеясы оны іс жүзінде жаңа деңгейге көтерген Қазақстан Республикасы Президентінің еуразияшылдық тұжырымымен сәйкес келіп тұр.Н. Назарбаевтың “...Еуразияның жүрегі Астана болады, ал сол жүректің ең қастерлі орталығы - біздің Еуразия университеті” деуі көп жайды аңғартса керек” деген С.Әбдіманапов дәстүрге айналған кезекті Еуразиялық форум жұмысына сәттілік тіледі.

**(“Нұр Астана” газеті 6 қаңтар, 2006 жыл; Ғазиз Құрмашұлы мақаласынан, 1 бет)**



**\*ҚазҰУ, Филология және әлем  
тілдері факультеті, Қазақ тілі  
мен әдебиеті,**

**101-топ студенттері:**


**Рсимбет Баян**

**Сабыр Жансая**

**Баймахан Ләйлә**

**Елеухан Құралай**

**Ермекбай Талант**

 **Назарларыңызға  
рахмет!!!**